

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті»
КеАҚ 8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»
мамандығының докторанты Жумабаев Нурдаулет Нарбекулының
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін
«*Morus alba* L. негізінде емдік-профилактикалық мақсаттағы
өнімді алу және өндіріс тұжырымдамасын әзірлеу» тақырыбына
дайындалған диссертациялық жұмысына
ғылыми кеңесшісі, PhD, ЖШС «Жанға шипа» Бас директоры
Түлемисов Сакен Кутимхановичтың

ПІКІРІ

Жумабаев Нурдаулет Нарбекулы PhD докторантурада оқу барысында өзін мақсатшыл, еңбекқор, жауапкершілігі жоғары және ғылыми зерттеуге құштар жас ғалым ретінде көрсетті. Ол ғылыми зерттеулердің барлық кезеңдерінде – әдеби шолу жүргізуден бастап тәжірибелік жұмыстар мен алынған нәтижелерді талдауға дейін – өз біліктілігін, терең білімін және ізденімпаздығын көрсетті.

Докторанттың «*Morus alba* L. негізінде емдік-профилактикалық мақсаттағы өнімді алу және өндіріс тұжырымдамасын әзірлеу» тақырыбындағы зерттеуі фармацевтикалық және биотехнологиялық ғылымдар саласында өзекті мәселелердің бірін қамтиды. Ол өсімдік шикізатынан жоғары сапалы емдік-профилактикалық өнімдер алу технологиясын жетілдіруге бағытталған, бұл қазіргі заманғы фармацевтикалық өндіріс үшін ерекше маңызға ие. Ғылыми зерттеу барысында докторант өсімдік шикізатының биологиялық белсенді қосылыстардың химиялық құрамын анықтау, олардың фармакологиялық белсенділігін бағалау және оларды фармацевтикалық өндірісте қолдану мүмкіндігін зерттеу сияқты маңызды аспектілерге назар аударды.

Жумабаев Нурдаулет Нарбекулы өзінің зерттеуінде заманауи аналитикалық құралдар мен әдістерді тиімді пайдаланып, олардың көмегімен алынған нәтижелерді терең ғылыми талдаудан өткізді. Ол тәжірибелік зерттеулерінде хроматографиялық (ГХ-МС, ЖТСХ), спектроскопиялық (УК, ИК) және басқа да заманауи талдау әдістерін қолданды. Бұл әдістер зерттеу нәтижелерінің жоғары дәлдігін қамтамасыз етіп, олардың сенімділігін арттырды.

Сонымен қатар, *Morus alba* L. экстрактының химиялық құрамын нақтылау мақсатында масс-спектрометриямен жабдықталған газ хроматографиясында (ГХ-МС) зерттеу жүргізді. Бұл зерттеу нәтижелері экстракт құрамында әртүрлі биологиялық белсенді қосылыстардың бар екенін дәлелдеп, олардың құрылымын анықтауға мүмкіндік берді.

Жумабаев Нурдаулет Нарбекулы өз зерттеу нәтижелерін жоғары рейтингті ғылыми басылымдарда жариялап, конференцияларда баяндама жасап, сондай-ақ бірқатар патенттер мен авторлық куәлік алып, ғылыми қауымдастыққа маңызды үлес қосты. Бұл оның ғылыми-зерттеу жұмысының

жоғары деңгейде орындалғанын және практикалық маңызға ие екенін көрсетеді.

Жумабаев Нурдаулет Нарбекулы зерттеу жүргізу барысында жоғары жауапкершілік пен табандылық танытып, ғылыми мәселелерді шешуге шығармашылық тұрғыдан қарады. Оның ғылыми жұмысындағы жаңашылдық, алынған нәтижелердің сенімділігі және оларды қолдану мүмкіндігі зерттеу еңбегінің жоғары ғылыми құндылығын дәлелдейді. Ол өз білімі мен біліктілігін үнемі жетілдіріп, ғылыми-зерттеу қызметіне ерекше қызығушылық танытатын дарынды жас ғалым ретінде қалыптасты.

Осыған орай, Жумабаев Нурдаулет Нарбекулының жүргізген ғылыми зерттеуі жоғары деңгейде орындалған және оның философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толық лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші

PhD, ЖШС «Жанға шипа» бас директоры Тулемисов С.К.

қолы Тулемисов С.К. куәландыратын



2024 ж.